

МАМЫР МЕРЕКЕЛЕРІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

№5 (567) 28 сәуір 2023 жыл

Zańǵal

2004 жылдың
наурыз айынан шығады



ЖӘНГІР ХАН УНИВЕРСИТЕТИ

УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕГІНІҢ ОЙТОЛҒАНЫСЫ

Уақыт және біз

(1978-2023 ж.ж.)

Биыл Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің (бұрынғы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты) құрылғанына – 60 жыл, ал біздің танысқанымызға – 50 жыл, институт бітіргенімізге – 45 жыл толды.

Уақыт қалай тез зымырап өтіп жатыр, күні кеше бәріміз институтқа бірге түскен сияқтымыз, бүгінде бәріміз зейнеткер атандық. Көзімізді ашып- жұмғанша, ХХІ ғасырдың 23-ші жылы да болып қалды.

Еске түсірсек, 1973 жылы орта мектеп түлектері, институттың дайындық бөлімінен өткендер, әскер қатарынан келген жасы үлкен жігіттер Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтына та-



лапкер болдық. Ол жылы институттың ашылғанына да он жыл толған екен, таңдаған бөліміміз «Зооинженерлік» деп аталады, бұрын болмаған жоғары математика, сызу, ауыл шаруашылығын механикаландыру пәндері енгізілді. Бір орынға 5 үміткер болып бақ сынадық. Сөйтіп Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының сол кездегі ректоры В.К.Иконниковтың 1973 жылғы 28 тамыздағы №93 бұйрығына сәйкес 66 талапкер 1-курс студенті атандық.

Алғашқы күннен үлкен өмірге қадам басқанымызды сезіне бастадық. Күнделікті еститін «аудитория, лекция, практикум, семинар, семестр» деген атаулар бізді үлкен әлемге жетеледі. Студенттік өмір, студенттік жылдар – ең әдемі уақыт, ең қызықты және ұмытылмас мезгіл болды. Жалпы «студент» деген латын

тілінен аударғанда «ынтамен оқушы, ізденуші» деген мағынаны білдіреді. Адам студент болғанын білгенде қуанады, жаңа таныстар мен достар табады. Біз де достарымызбен сессияларға, түрлі сынақтарға бірге дайындалатын едік. Сол уақыттарда ең қиын нәрсе – емтихан тапсыру немесе сынақтан өту деп жүрсек, олардан да ең қиыны – өмір сүру болып шықты. Мектептен, отбасымыздан «бостандыққа» шыққасын біз еркіндікке қол жеткізгендей болғанбыз. Бірақ енді достарды өзіміз таңдап, қабылдаған шешімдерімізге, сөйлеген сөздерімізге жауапкершілікпен қарауымыз керек болды. Бұл, әсіресе, жатақканада немесе жалдамалы пәтерде тұрған студенттер үшін айқын және өмірлік сабақ болады.

(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ ИНСТИТУТ

Мамандары алтын бесік – ауылға қызмет етеді

Университетіміздегі «Агротехнологиялық институт» 1963 жылы «Агроэкономикалық факультет» болып өз жұмысын бастады. Ал 1966 жылы аграрлық сала мамандықтарының ұлғаюына байланысты «Агрономия факультеті» құрылды.

Факультеттің қалыптасуы мен дамуына кезінде Ресейдің Саратов, Волгоград, Орынбор қалаларының жоғары оқу орындарын бітірген, декан немесе доцент болып қызмет атқарған, В.Н.Слесарев, В.П.Согуренко, В.Ф.Рябошқапов, Н.В.Саввина, А.Я.Бакалдиндер өз үлестерін қосты. Ардагерлер ісін факультет түлектері, доценттер Х.Х.Кусаинов, В.В.Вьюрков, С.С.Джубатырова, М.А.Габдуловтар жалғастырды. Осы уақыт ішінде үш мыңнан астам маман, оның ішінде 5 ғылым докторы (Г.К.Құдайбергенов, Х.Н.Ғабдеев, В.В.Вьюрков, Х.Х.Құсайынов, С.С.Жұбатырова) және 45 ғылым кандидаты дайындалды.

Нарықтық қатынастарға көшу мен әртүрлі меншік түріндегі жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестіктің артуы мамандықтар тізімін салаға неғұрлым қажетті мамандықтарға қарай іріктеуді қажет етті. 2000 жылдан Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрамында жаңа мамандықтардың ашылуына байланысты факультет «Агро-



бизнес және экология» атауына ие болып, факультетке доцент М.Ә.Ғабдолов жетекшілік етті.

2007 жылдан бастап Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрамындағы жалпы биология мамандықтарын біріктіру мақсатында «Ветеринария және агроботехнология» факультеті құрылып, факультет деканы қызметіне ветеринария ғылымдарының докторы Қ.Ж.Кушалиев тағайындалды.

2009 жылдан бастап басқару құрылымын жүйелендіру және студенттер контингентінің ұлғаюына байланысты факультет жеке бөлініп, «Агрономия факультеті» атауына ие болды, факультет деканы ауыл шаруашылығының кандидаты, доцент С.Ж.Рахимғалиева болды.

2009-2011 жылдары Қазақстан

жоғары оқу орындарының рейтингісі бойынша «Агрономия» мамандығы 2-орын, ал 2011 жылдың рейтингісі бойынша «Орман ресурстары мен орман шаруашылығы» мамандығы 3-орынға ие болды. 2010 жылы «Агрономия» мамандығы АККОРК халықаралық аккредиттеуден өтті.

2013 жылдан бастап факультетке декан болып ғылым кандидаттары, доценттер С.Ж.Рахимғалиева (2013 жыл), І.Н.Жұбантаев (2013 жыл), Д.К.Тулегенова (2014-2016 ж.ж.), А.С.Тлепов (2016 жыл) жетекшілік етті.

Факультет тұрақты түрде көптеген шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен іскерлік қарым-қатынас жасады. Институт ғалымдары М.А.Габдулов, В.В.Вьюрков, М.Қ.Оңаев, Н.Х.Серғалиев, Б.Н.Насиевтің, Л.Х.Суханбердинаның жетекшілігімен сол кездегі ҚР БҒМ Ғылым Комитетімен қаржыландырылатын ғылыми жобалар бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ал білім алушылардың республикалық байқауларға ұсынылған үздік ғылыми жұмыстары жүлдесіз қалмады.

2019 жылдан бастап факультет «Агротехнологиялық институт» болып өзгертіліп, т.ғ.к, доцент Марат Қайырлыұлы Оңаев директор болып бекітілді. Институтта «Өсімдік шаруашылығы



және егіншілік», «Тағам өнімдерін өңдеу технологиясы», «Экология және табиғатты пайдалану» жоғары мектептері жұмыс жасады. Институттағы мамандықтар қатарына «Кадастр» және «Жерге орналастыру» қосылды. Ал 2021-2022 оқу жылынан бастап «Топырақтану, агрохимия және жер пайдалану» жоғары мектебі – «Орман, жер және су ресурстарын басқару» болып өзгертілді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобалардың қорытындылары бойынша, факультет ғалымдары университетаралық және аймақтық, халықаралық конференцияларда өз баяндамаларын шығарумен қатар рейтингі жоғары ғылыми журналдарда жүйелі түрде жариялап келеді.

Түлектердің көпшілігі еліміздің ірі өнеркәсіптік ұйымдарында, мемлекеттік және ірі ауыл шаруашылық мекемелерінде, серіктестіктерде еңбек етуде, сонымен қатар еліміздің түкпір-түкпірінде елге қызмет етуде.

Институт белсенділері қатарында студенттік декан Ақан Жұматаевты, университеттегі «Рух» пікірталас орталығының президенті Жансая Сейлиханованы, спортшылар Айкөркем Ихсанова мен Дильназ Абунагимованы, Аяжан Мағзомованы атап өтуге болады. Сонымен қатар «Бірінші курс – 2022» институтаралық байқауында жеңімпазға берілетін «Қыран» белгісін «Агротехнологиялық институт» жеңіп алған болатын.



Мои воспоминания о фронтовиках педагогах (День Победы! Как он был от нас далек...)

В этом году исполняется 78 лет со дня Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов. «Не зная прошлого, невозможно понять подлинный смысл настоящего и цели будущего» - говорил Максим Горький. В этой цитате, как в зеркале, отражается главная тема сегодняшнего дня.

Задача сегодняшнего поколения, помнить героическое прошлое наших отцов и дедов, отстоявших мир. Они поистине герои и представляют значительную часть истории нашей страны, а историю забывать и терять связь с прошлым просто недопустимо. Прошлое, настоящее и будущее – это неразрывные звенья в любом нормальном человеческом обществе. Если мы забываем свою историю, мы забываем свои корни, а без корней не живет ни одно дерево.

Я, как сын фронтовика, участника самой страшной войны человечества, решил рассказать о ветеранах, с которыми по жизни мне суждено было встречаться. Мой отец Бакиш Траисов – участник Великой Отечественной войны. На фронт его призвали в 1942 году, боевое крещение он получил в составе 11-го стрелкового полка Калининского фронта. В 1945 году Победу встретил в Чехословакии, под городом Чеслава, а демобилизовался только в мае 1947 года. В хлебоприемном пункте, где я начинал трудовую деятельность в 1968 году, директором предприятия был фронтовик, офицер запаса Печкин Александр Афанасиевич, доброй души человек.

В учебном подразделении, где я служил, инструкторы офицеры были фронтовики, прошедшие войну с фашистской Германией и завершившие разгромом Квантунской группировки в Манчжурии. И когда слышу вальс «На сопках Манчжурии», перед глазами предстают те люди, которые прошли это горнило войны, обучали нас в учебном подразделении боевому искусству, которому сами обучались на полях сражений.

Большой след в моей памяти оставил парад в честь 25-летия Победы над фашистской Германией 9 мая 1970 года, когда я вместе с сослуживцами прошел в парадной коробке в городе Вюндорфе (недалеко от Берлина) по знаменем третьей ударной армии второго Белорусского фронта, которая в 1945 году принимала



участие в штурме Берлина. Третьей ударной армией в 1970 году в год 25-летия Победы командовал участник штурма Берлина генерал – лейтенант, Герой Советского Союза Валентин Варенников, который умер, не дожив 2 дня до 65-ой годовщины Победы над фашистской Германией.

Парад принимал главнокомандующий Варшавским договором маршал Советского Союза, дважды Герой Советского Союза Иван Игнатьевич Якубовский, на трибуне был первый секретарь ГДР Вальтер Ульбрихт.

После демобилизации осенью 1971 года поступил слушателем на подготовительное отделение Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института, а в 1972 году зачислен студентом зоотехнического факультета, где работали педагогами фронтовики – участники Великой Отечественной войны, прошедшие горнило самой страшной войны.

Первым ректором нашего Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института был участник Великой Отечественной войны Дзержинский Александр Яковлевич. До прихода в институт А.Я.Дзержинский работал директором Алма-Атинского зооветеринарного института. Наряду с организацией становления и развития института, он занимался научной деятельностью, которая была связана с поиском эффективных методов борьбы с бруцеллезом у сельскохозяйственных животных.

В то время практически на всех кафедрах института работали фронтовики. Декан подготовительного отделения фронтовик, офицер запаса Пигарев Алексей Родионович.

«Совправо» вел кандидат юридических наук, доцент, начальник ОБХСС, фронтовик, полковник Минуус Медеу Джумадильдаевич, войну он прошел в 140-ом стрелковом полку 16-ой гвардейской стрелковой дивизии.

Фронтовик, гвардии капитан, командир дивизиона катюш, кандидат химических наук, доцент Нурмагамбетов Кенжегали Оралович вел у нас химию. А кандидат философских наук, фронтовик-артиллерист Антонов Анатолий Александрович вел занятия по атеизму.

Директором учхоза «Фрунзенский» работал участник ВОВ Бизянов Константин Васильевич. Уроженец Жангалинского района, фронтовик-артиллерист, доцент экономического факультета, кандидат экономических наук Бримжаров Азекен Каримович, участвовал в битве на Орлово-Курском направлении – День Победы встретил в Курляндии.

Командир отделения 299-го гвардейского стрелкового полка 98-ой гвардейской дивизии Капанов Кисмет Капанович после окончания войны защитив диссертацию на соискание ученой степени кандидата исторических наук до ухода на заслуженный отдых работал заведующим кафедрой марксизма-ленинизма и читал курс истории, а практические занятия по истории вел фронтовик Отегенов Акмырза Отегенович.

Начальник военной кафедры нашего института, фронтовик, участник Великой Отечественной войны, полковник Оверченко Иван Алексеевич, участвовал в боях в Германии и застал конец войны на Дальнем Востоке принимая участие в разгроме Квантунской группировки.

В короткой статье практически невозможно написать о каждом фронтовике, о тружениках тыла, об их ратном подвиге на полях битвы и труде после Победы в мирной жизни.

Каждый из фронтовиков, настолько интересная личность, что можно о каждом из них написать отдельную книгу. И я уверен, что в будущем патриоты земли Приуралья еще много расскажут о делах и подвигах фронтовиков, о духовной силе и нравственной стороне их жизни, тем самым создадут хорошие ориентиры для будущих поколений.

Вспоминая и останавливаясь на отдельных личностях, хочу перечислить всех фронтовиков, кто приближал День Победы, а в мирное время посвятивших себя науке и воспитанию молодого поколения, работая в нашем сельскохозяйственном институте.

А.А.Антонов, К.В.Бизянов, А.К.Бримжаров, И.К.Гердо, Е.З.Голованова, А.Я.Дзержинский, Ф.М.Зайцев, К.К.Капанов, А.Ф.Кирпичев, Н.М.Карманов, А.В.Кузнецов, П.И.Кульпин, Ф.Б.Казетдинова, В.Н.Лещенко, В.П.Мазаев, М.Д.Минуус, И.И.Нефедов, К.О.Нурмагамбетов, И.А.Оверченко, И.Г.Олексенко, М.М.Пенин, А.Р.Пигарев, З.Ф.Раченков, А.С.Руденко, В.М.Седаков, М.Т.Тажгалиев, А.О.Отегенов, К.Е.Чебаков, Б.Д.Шавин, В.С.Шевчук, И.Е.Хаустов, М.Н.Ядрихинский.

Сегодня Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, известный далеко за пределами нашей страны растет и развивается благодаря той основе, которую заложили в свое время наши фронтовики.

Никого из них (кроме Кирпичева Александра Федосеевича) в настоящее время уже нет в живых, поэтому вечная память и низкий поклон за Победу и строительство новой жизни для будущих поколений!

А ныне здравствующих ветеранов от всей души поздравляю с наступающим великим праздником – Днем Победы! Мирного неба, здоровья и долгих лет жизни, дорогие наши!

Балуаш ТРАИСОВ,
доктор сельскохозяйственных наук, профессор,
академик Каз. НАЕН,
Каз. АСХН

«ЗАЩИТА РАСТЕНИЙ: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

Ко дню науки в высшей школе «Технология производства продукции растениеводства» Агротехнологического института был организован и проведен круглый стол на тему: «Защита растений: настоящее и будущее» с участием обучающихся специальности – «Защита и карантин растений». Круглый стол был организован и проведен PhD, и.о. доцента Л.Т.Калиевой.

На круглом столе обсуждались вопросы, касающиеся состояния, проблемы и перспективы отрасли растениеводства.

В начале мероприятия Л.Т.Калиева дала обзор значения и роли защиты растений как в настоящем, так и в будущем времени, далее обучающиеся сделали доклады по историческим аспектам защиты растений, фитосанитарным мероприятиям, системам интегрированной защиты растений, как необходимый и



правильный метод, включающий приемы и способы защиты растений, целью которых является воздействие их против вредных организмов сельскохозяйственных культур с учетом критериев порога вредности.

По итогам круглого стола обучающиеся пришли к выводу, что интегрированная защита растений является высокоэффективной системой борьбы с вредными объектами в агробиоценозе и в будущем обеспечит гарантированный урожай и качество продукции сельскохозяйственных культур. Дальнейшее совершенствование такой системы защиты растений всегда связано с переходом от защиты урожая к регуляции фитосанитарного состояния агроценозов. В завершение мероприятия и.о. доцента Л.Т.Калиева поздравила обучающихся с Днем науки, пожелала удачи и новых научных подходов в защите растений.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



Бірінші, өмір сүрудің қиындықтары басталады. Тұратын бөлменің, киімнің тазалығы, жетпеген тағамды сатып алу, оны әзірлеу, ақша жинау, оны айдың соңына дейін жеткізу. Мұның өзі толық тізім емес. Студенттер арасында мұндай мәселелер онай шешілетін еді. Біріншіден, міндеттер тең бөлініп тұрады, екіншіден, бөлмеде әскерден келген, орта білімі бар өндірістен өткен, жөн көрсететін жасы үлкен ағаларымыз болды. Бірақ студенттің негізгі кәсібі – лекция жазу, семинарлар, практикалық сабақтар, коллоквиумдар болды. Бұл жағынан біз, жаңадан мектеп бітіргендер, алда болдық. Бір-бірімізге көмектесіп тұрдық. Көбі осы сынақтардан өте алмай, алғашқы мезгілде институттан шығып қалды.

Курсымыз ерекше болды деп айтатын еді, бірінші курстан белсенділігіміз оң бағаланды. Курстастарымыз «Зооинженер» эстрадалық ансамблін құрды, біз қосылып музыкалық аспаптар алдық, студенттік кештер ұйымдастырдық, түрлі байқаулардың, қосымша курстардың, спорттық олимпиадалардың жеңімпазы атандық. Соның арқасында көптеген елдерге, қалаларға туристік жолдамаларға ие болдық. Қызыққа және думанға толы студенттік өміріміз зырлап өтіп жатты. Өзіміздің мамандығымызға сай түрлі сабақтар басталып кетті, оларды зор ынтамен қызығып оқыдық. Лекция оқитын профессорлардың сөйлеу мәнері, өздерін ұстауы бөлек болатын, тіпті біз білмейтін тілде сөйлеп тұрғандай көрінетін. Солардың ішінде

Э.Т.Сатқановты, Х.Қ.Қайырғалиевті, А.А.Қарасаевты, М.М.Нуралиевті, В.А.Петровскаяны, А.Р.Рустеновті, В.И.Юровты, К.Г.Кудряковты атап өтуге болады. Бірақ уақыт өте келе, оған да үйренесің, олардың диалектілері мен өмір сүру қағидалары, айтқан сөздері сені де өзгертеді, есінде қалады. Мысалы Эмханат Тарихұлының «Еділбайдың құлағы ауылдың бір баласын, қаланың екі баласын тойғызады» деген сөздерін Еділбай қойдың басын ұстап, құлағын жегесін түсіндім.

Сабақтан бос кезде қаланы аралап, көрікті жерлерін көріп, жерлестермен, курстастармен кездесіп, киноға барып, туған күндер өткізіп, әйтеуір бос уақыт қалдырмайтынбыз. Әрине, кейін де мұндай қызықтардың талайын көрдік. Дегенмен, сол студенттік кезеңнің сәнін келтірген достармен, топтастармен өткізген жастық ғұмырымыздың орны бөлек. Төрт адам – бір бөлмеде, күніне сол уақыттағы ақшамен 1 сомның тамағын бөліп жеп, бірге жүріп, бірге тұрып, көмектесіп өмір сүруді әрбір студент басынан кешті. Уақыт өте келе, дәл сол шақты сағына еске алып отырарсыз.

1973 жылы біз оқуға түскенде Орал қаласының орталығындағы қазіргі тарихи-өлкетану мұражайы – ректорат орналасқан бас корпус, ал педагогикалық колледждің қазіргі ғимараты – зоофак болды. Сол жылдары Зачаганск ауылында жаңа студенттік қалашық салынып жатты. 1975 жылы екі корпус (мехфак пен агрофак), екі жатахана салынып, бізді қалашыққа көшірді. Сол жылы жазда оқу

орнымыздың құрылысын жалғастыруға студенттік құрылыс жасағын (ССО) құрды. Сағына еске алатын кезеңнің СКЖ «Сұңқар» қозғалысының институттық жазғы еңбек семестрі. Яғни, студенттер бос жүрмей, еңбек ететін. Сонымен ата-анасына салмақ салмай, тапқан қаржыларын өздерінің қажеттіліктеріне жұмсайтын. Оған қоса отряд құрамында студент командир, комиссар, жауынгер атанып, арнаулы форма киіп, тәртіпке үйренетін, тәртіп бұзғандар отрядтан шығарылып, оқу орнына қағаз жіберілетін. Сол сарбаздардың қалашықтың құрылысын жалғастыруға, қазіргі бас корпус – ректораттың, ветеринарлық институттың ғимараттарын, жатаханаларды, инфрақұрылым нысандарын салуға орасан зор еңбек сіңірді. Осылайша, студенттік өмір көзді ашып-жұмғанша өте шықты.

1978 жылғы 28 маусымда институт сол кездегі ректоры Б.П.Шахтың №87 бұйрығына сәйкес 56 студент жоғары білімді зооинженер мамандығы бойынша дипломымызды қолымызға алдық. Көптеген курстастарымыз колхоз, совхоз әкімдері мен мамандары, аудан, облыс

жоғары білікті маман болып шығуымызға ұстаздарымыздың берген білімі себепкер болды. Әрқайсысымыз өз жолымызбен, еркін өмір сүрдік, қазір бәріміз зейнетке шықтық.

Қазақ даласына білім дәнін себуші ұлы реформатор Жәңгір хан есімін иеленген білім ордасы 60 жылдың ішінде білім мен ғылымды ұштастырған қуатты орталыққа айналды. Кешегі кеңестік дәуірде де, бүгінгі егеменді еліміздің өркендеуі жолында да жемісті еңбек етіп жатқан бәсекеге қабілетті ғалымдар мен университет түлектері тек батыс өңірінде ғана емес, Қазақстанның барлық аймақтарында, шетелдерде түрлі салаларда өздерін тәрбиелеп, өмірге жолдама берген қасиетті қара шаңырақтың мерейін үстем етуде. Осыған орай университеттің бұрынғы «зооинженерлік» факультетінің 1978 жылғы түлектерінің атынан жоғары оқу орнына алғыс білдіргім келеді. Институтта (бұрын институт болды) оқу, мамандық алу – біз үшін өміріміздегі маңызды кезең. Әр түлектің өмір жолына үңілсек, барлығы мандай терін төгіп еңбек еткен, бай тәжірибе жинақтаған



көлеміндегі кәсіпорындардың басшылары болды. Институт қабырғасында алған біліміміз бізге жеке тұлға, маман, басшы ретінде қалыптасуға мүмкіндік берді, экономиканың әртүрлі салаларында жұмыс істеуге, болашақты ойлауға көмектесті. Жылдар өтсе де, институттың бізге жасаған жақсылықтары ұмытылмайды. Біздің

– мұның бәрі біздің мерейтойға қосқан үлесіміз. Тағдыр жолы бізді жан-жаққа шашыратып жіберсе де, біз әрқашан кездесіп, сырласып, бірге уақыт өткізуге ниеттіміз.

Өткенге құрметпен қараймыз, болашаққа сенім артамыз. Өкінішке орай, бізге білім берген ұстаздарымыздың көбі бүгінде арамызда жоқ, курстастарымыздың арасы да сиреп қалды. Осыдан 5 жыл бұрын Оралда курстастармен кездескен едік. Содан кейін де Ақтөбе, Атырау қалаларында жиналып, бас қостық. Ал биылғы мамыр айының 25-26-жұлдызында «Зооинженерлік» факультетінің 1978 жылғы түлектері болып, жоғарыда айтылған мерейтойлардың құрметіне кездесу ұйымдастырмақпыз. Осы кездесуіміздің дайындығына атсалысып жатқан «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының директоры Б.Е.Нұрғалиевке және ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик, «Зооинженерлік» факультеттің 1977 жылғы түлегі Б.Б.Траисовке алғысымыз шексіз.

Құрметті ұстаздар, курстастар!

Сіздерді еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 60 жылдық мерейтоымен құттықтаймын. Сонымен бірге осы университеттің қабырғасында танысқанымызға – 50 жыл, оқу бітіргенімізге 45 жыл толған мерейлі мерекелер де құтты болсын!

Шамшиден МУКАШЕВ,
университеттің 1978 жылғы түлегі





Қазақша еркін сөйлеймін

Мен осы Орал қаласында көпұлтты отбасында дүниеге келдім. Әкем – қырғыз, анам – өзбек ұлтынан. Қазіргі таңда Жәңгір хан университетінің «Цифрлық экономикадағы менеджмент» білім беру бағдарламасының 1-курс студентімін. Кішкентай кезімнен ән айтқанды, би билегенді жақсы көремін. Қазір де білім ордамызда белсенділер қатарына қосылып, бірқатар шараларға белсенді қатысып жүрмін. Мысалы, жақында ғана өткен «Университет аруы – 2023» сайысында II вице-мисс титулына ие болдым.

Қазақстанда туып-өсіп, қазақ мектебінде білім алғандықтан, қазақша еркін сөйлеймін. Оған қоса, қырғыз, өзбек, ұйғыр және орыс тілдерін меңгердім.

Бірнеше ұлт пен ұлыс өкілдерін бір шаңырақ астында біріктірген еліміздің өркендеуіне үлес қосып, ел игілігіне қызмет еткім келеді. Болашақ біз сияқты отансүйгіш жастардың қолында деп білемін!



Мохларойим ИБРОХИМОВА,
студент



Еліме қызмет етемін!

Мен 2021 жылы университетіміздегі әскери кафедраға оқуға түсемін деп шешім қабылдадым. Себебі, Қазақстан Қарулы Күштеріне қызмет ету, еліме өз пайдамды тигізу – мен үшін үлкен мәртебе. Бізді әскери кафедрада ең алдымен тәртіпке, адалдыққа, патриот болуға үйретеді. Оған қоса, әскери техниканы тізгіндеу, техникалық қызмет көрсету, қару-жарақты жинау сияқты әскери дағдыларды да меңгеріп шығамыз. Қазір мен мотоатқыштар взводы қатарындамын, болашақта да осы бағытта жұмыс атқарамын деп ойлаймын.

Біз биыл әскери кафедрадағы оқуымызды аяқтап, «запастағы лейтенант» шенін алып шығамыз. Университетті бітірген соң, Отан алдындағы борышымды өтеу үшін әскерге барамын.

Жалпы әр Отан қорғаушы еліне адал болып, қиын кезде тайсалмауы керек деп ойлаймын.



Жангирхан БАУЫРЖАНОВ,
«Әскери кафедра» студенті

Атаммен мақтанамын!



Мөлдір САМАТОВА,
студент

Биыл – Ұлы Жеңістің 78 жылдығы. Менің нағашы әжемнің әкесі Сұлтанпир Қиясов та Ұлы Отан соғысына қатысып, жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты.

Атам 1942 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылып, Польшаны, Варшаваны азат етуге қатысты. Соғыстан оралған соң

ауылда совхозға қызмет еткен. Өзі дүниеден өткен соң, жұбайы мен балалары қара шаңыраққа ие болып қалады. Қазіргі таңда балалары да ата-әже атанып отыр. Мен өз атамның ерлігімен мақтанамын.

9 мамыр мерекесі жастарға, өскелең ұрпаққа Ұлы Жеңістің қандай ерлікпен келгенін ұғындыру үшін қажет деп ойлаймын. Тарихты білмей, тәуелсіздіктің қандай қанды термен келгенін ұқпай, ел қадіріне, жер қадіріне жете алмаспыз анық. Қасық қаны қалғанша ел үшін шайқасқан ата-бабаларымыздың батырлығын насихаттаудың маңызы зор.

Әрбір қазақ өз елін, жерін қорғай отырып, дамуды тоқтатпауы тиіс. Әр адам Отанының өркендеуіне үлес қосқысы келсе, алдымен еліміздің заңына бағынуы және тарихи сауатты болуы тиіс. Менің мамандығым – құрылыс саласының маманы. Болашақта қаламызда түрлі әдемі ғимараттар салынуына атсалысып, шаһарымыздың гүлденуіне өз үлесімді қосамын. Еліміз соғыстан аман, жұртымыз тыныш болсын. Жеңіс күні баршамызға құтты болсын!



«Қыран» – ИТИ-да



Талантты жастардың басын қосқан дәстүрлі институтаралық «СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ – 2023» сайысы өз мәресіне жетті. Бұл жолы «Қыран» жылжымалы кубогін «Индустриалды-технологиялық» институты жеңіп алды.

Сайыс Жәңгір хан университетінің 60 жылдық мерейтойына арналды. Өнерлі студенттеріміз «Эстрадалық және ұлттық ән», «Ұлттық және еркін бағыттағы хореография», «Жайдарман», «Аспапта ойнау», «Көркем сөз», «Үздік режиссура», «Үздік жүргізушілер», «Үздік бейнеролик» аталымдары бойынша сынға түсті.

Еске сала кетсек, 3 мамыр күні білім алушыларымыз аталмыш сайыстың облыстық кезеңінде өнер көрсетеді. Жалынды жастарымызға сәттілік тілейміз!



Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Бас маман
Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ
«Заңғар» газетінің маманы
Ләззат ҚАНАТОВА

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 567
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru